

«Қазақстанның орнықтылық қоры»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің 2022 жылғы
31 қаңтардағы № 1 шешіміне
№ 1 Қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

Алматы қаласы, 2022 жыл

Мазмұндама

1. Жалпы ережелер	3
2. Қоғамның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің іс-қимыл қағидалары	4
3. Өзге де шектеулер, тыйым салу және талаптар.....	6
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл шаралары.....	7
5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарламалар.....	7
6. Қорытынды ережелер.....	8

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттарының мақсаты Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша саясатты айқындау және Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін орнату болып табылады.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының міндеті:

1) Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетін қалыптастыру – Қоғамның лауазымды адамдарында және қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты іс-қимылдарын қалыптастыру және олардың кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбестік ахуалын көрсету қажеттілігін түсінуі;

2) қоғамның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының қағидаттары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықты анықтау, алдын алу және болдырмау шараларын жүзеге асыру міндетін белгілеу;

3) сыбайлас жемқорлық көріністерінің теріс салдарын уақтылы анықтауға, алдын алуға және болдырмауға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын айқындау болып табылады.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының қағидаттары:

1) заңдылық;

2) транспаренттілік;

3) этикалылық;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;

5) мүдделер қақтығыстарын болдырмау;

6) өзара түсіністік (ынтымақтастық) қағидаты;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның қолданылмай қалмайтындығы.

Қоғам уәкілетті органдармен және ұйымдармен, сондай-ақ үшінші тұлғалармен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру саласында мынадай мақсаттарда ынтымақтасады:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы/қылмыс жасалған жағдайлары туралы хабарлау және/немесе хабардар болу;

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы/қылмас бойынша тергеу жүргізуге жәрдемдесу;

- Қоғамның қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру заңнамасының талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша тексерулер жүргізілген кезде үйлестіру;

- уәкілетті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың сұратуы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру заңнамасының мәселелері бойынша кеңестерге (кездесулерге) қатысу.

1.5. Қоғамның қоғамдық қарым-қатынастары саласының атауы: қаржы.

1.6. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарында мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін

қабылдауға және бағалауға қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – Қоғамда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептерді және жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) лауазымды адам – Қоғамның Директорлар кеңесінің, Қоғам Басқармасының мүшесі;

4) мүдделер қақтығысы – Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) қызметкерлерінің жеке мүдделілігі мен олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауы немесе Қоғамның және (немесе) оның қызметкерлерінің және (немесе) қарсы агенттерінің мүліктік және өзге де мүдделерінің арасында Қоғам үшін және (немесе) оның қарсы агенттері үшін жағымсыз салдарға апаратын қайшылық туындайтын жағдай;

5) сыбайлас жемқорлық – Қоғамның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүлікті емес) игіліктерді және өзі үшін не үшінші тұлғалар үшін артықшылықтарды алу мақсатында заңсыз пайдалану, сондай-ақ игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы тұлғаларды параға сатып алу;

6) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептердің және жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – Қоғамның алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қоғамның өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

Осы тармақта көрсетілмеген, бірақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарының мәтінінде қолданылатын терминдердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарында оларға берілген анықтамалары пайдаланылады.

2. Қоғамның лауазымды адамдарының және қызметкерлерінің іс-қимыл қағидалары

2.1. Қоғамның лауазымды адамдары және қызметкерлері:

2.1.1. Лауазымдық міндеттерін жүзеге асырған, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқықтарының, еркіндіктерінің және заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарауға және олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға;

2) Қоғамның ішкі құжаттарының тәртібі мен талаптарын бұлжытпай орындауға;

3) Қоғамға жазбаша түрде жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және жекжаттары туралы толық және дәйекті ақпарат беруге;

4) мүдделер қайшылығының туындауы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы, бұл мәлім болған сәттен бастап тікелей басшыға немесе Қоғамның басшылығына жазбаша нысанда хабарлауға;

5) жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын және заңды мүдделерін іске асыруын қиындататын және Қоғамның беделіне зиян келтіретін іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

6) жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдаланбауға тиіс.

2.1.2. Басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде (барлық деңгейдегі басшылар өз құзыреті шеңберінде):

- 1) қол астындағы қызметкерлердің арасында олардың жұмыс тәжірибесін және атқаратын қызметтерін ескере отырып, міндеттерді және лауазымдық міндеттерінің көлемін бөлуге;
- 2) қол астындағы қызметкерлер қызметтерінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде бірыңғай өлшемшарттарды қолдануға және объективті болуға;
- 3) қол астындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға;
- 4) мынадай шаралар қабылдау арқылы сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу бойынша, сондай-ақ қол астындағы қызметкерде оның лауазымдық міндеттерін атқаруы кезінде туындаған мүдделер қайшылықтарын реттеу бойынша уақтылы шаралар қабылдауға:
 - мүдделер қайшылығы туындаған қызметкерді лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетіп, мүдделер қайшылығы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерді атқаруды басқа қызметкерге тапсыруға;
 - лауазымдық міндеттеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге;
 - мүдделер қайшылығын жою және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өзге де ықтимал шараларын қабылдауға;
- 5) лауазымдық міндеттерге байланысты емес міндеттерді орындау үшін қол астындағы қызметкерлердің тартылуына жол бермеуге;
- 6) лауазымдық өкілеттіктерді теріс және асыра пайдаланбауға тиіс.

2.1.3. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу рәсімдерін жүзеге асыру кезінде (құзыреті шегінде):

- 1) сатып алуды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу қағидаларына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асыруға;
- 2) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға пайдаланылатын ақша қаражатын ұтымды және тиімді жұмсауға;
- 3) әлеуетті жеткізушілерге тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу рәсіміне қатысу үшін бірдей мүмкіндіктер беруге;
- 4) тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу процесінің ашықтығын және айқындылығын қамтамасыз етуге;
- 5) сыбайлас жемқорлықтың орын алуына жол бермеуге тиіс.

2.1.4. Кадрларды іріктеу, жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату кезінде (құзыреті шеңберінде):

- 1) кадрларды іріктеу, жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату кезінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларын және Қоғамның ішкі құжаттарының ережелерін қатаң түрде сақтауға;
- 2) Қоғамның интернет-ресурсында бос лауазымдық орындар туралы ақпарат орналастыруға;
- 3) бос лауазымдық орынға үміткерлерге біліктілік талаптарды ескере отырып, бірдей талаптар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге;
- 4) Қоғамның қызметкерлері жалақысының мөлшерін белгілеу/өзгерту кезінде, сондай-ақ оларды моральді және материалды көтермелеу мәселелерін қарау кезінде бекітілген бағалау өлшемшарттарын басшылыққа алуға;
- 5) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының шектеуін сақтауға, ол бойынша лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды;

б) қызметкерлермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін Қазақстан Республикасының еңбек және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларында көзделген негіздемелер бойынша жүзеге асыруға тиіс.

3. Өзге де шектеулер, тыйым салулар және талаптар

3.1. Қоғамның лауазымды адамдары және қызметкерлері:

1) заңдылық қағидатын басшылыққа алуға, Қазақстан Республикасының Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң түрде сақтауға;

2) еңбек тәртібін бұлжытпай орындауға, берілген өкілеттіктерді адал, әділ пайдалануға және өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындауға;

3) Қоғам мүлкінің сақталуын қамтамасыз етуге, оны тиімді, орынды және лауазымдық міндеттерге сәйкес пайдалануға;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік танытуға;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, конфиденциалдылықты сақтауға және үшінші тұлғаларға автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйелермен жұмыс істеу кезінде (оларға қолжетімділігі болған кезде) алған ақпаратты қоса алғанда, өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде кез келген тасымалдағыштарда алынған коммерциялық құпияны (оның ішінде бағалы қағаздар нарығында), заңмен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қорғалатын өзге де ақпаратты қабылдау үшін кез келген қолжетімді нысанда жария етпеуге;

б) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға көндірмеуге және ынталандырмауға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен активтер мен міндеттемелер туралы/кірістері мен мүлкі туралы декларацияларды, сондай-ақ Қоғамның интернет-ресурсында жариялануға тиіс мәліметтерді ұсынуға;

8) Қоғамның позитивті имиджін қолдауға: Қоғамның Корпоративтік этика кодексін және этикалық іс-қимыл нормаларын сақтауға, лауазымдық міндеттерін атқару, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара әрекеттесу кезінде сыпайы мінез-құлық көрсетуге тиіс.

3.2. Қоғамның лауазымды адамдарына және қызметкерлеріне мыналарға:

1) жеке өзі немесе делдалдар арқылы өзінің лауазымдық міндеттерін пайдаланумен байланысты заңсыз мүлктік игіліктерді және артықшылықтарды және олармен байланысты өзге мүмкіндіктерді қабылдауға не заңды және жеке тұлғалардан немесе олардың өкілдерінен мүлктік пайданы, ақша, қызмет түріндегі және өзге нысандардағы кез келген сыйақыны алу үшін өз өкілеттіктерін өзгеше де пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, сыбайлас жемқорлықпен байланысты немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын, заңнамада белгіленген әкімшілік және/немесе қылмыстық жауапкершілікке апаратын кінәлі іс-әрекеттерді (сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар) жасауға;

3) өзінің жақын туыстарының материалдық мүдделерін қанағаттандырумен байланысты мәселелерді шешуде өзінің лауазымды өкілеттіктерін пайдалануға;

4) Қоғамда қызметкерлерді қабылдау кезінде және мансаптық өсу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтарды (жақтаушылық, сыбайластық) беруге;

5) шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде заңды және/немесе жеке тұлғаларға заңсыз артықшылықтар көрсетуге;

б) кімге болса да кәсіпкерлік қызметті және қызметтен кіріс алуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кез келген жәрдем көрсетуге;

7) жоғары тұрған адамдарға аталған тұлғалардың лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, мүліктік пайданы, игіліктерді не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар сыйлауға және лауазымдық міндеттеріне кірмейтін қызмет көрсетуге;

8) кредит, несие алуда, бағалы қағаздарды сатып алуда, жылжымайтын мүлікті және өзге де мүлікті сатып алуда Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген артықшылықтарды пайдалануға;

9) жоғары лауазымды немесе төмен лауазымды адамдармен не олармен қызмет бабында немесе жұмыс бабында өзге тәуелділіктегі адамдармен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипатындағы құмарлық ойындарға қатысуға;

10) Қоғамда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

11) Қоғамның қызметін материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етудің қаражатын лауазымдық өкілеттіктерге сәйкес емес пайдалануға;

12) Қоғамның дұрыс жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

13) мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне заңсыз араласуға;

14) мүдделер қақтығыстары болған кезде, лауазымдық міндеттерді орындауға;

15) Қоғамның қызметкерлеріне, өзге де жеке және заңды тұлғаларға қатысты негізсіз кінә тағуға, дөрекілік фактілеріне, адамның қадыр-қасиетін кемсітуге, әдепсіздік көрсетуге, дөрекі мінез-құлық көрсетуге тыйым салынады.

4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл шаралары

4.1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін басқару мақсатында Қоғам сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл бойынша мынадай шаралар қабылдайды:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын сақтау;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

4) сыбайлас жемқорлыққа ішкі талдау жүргізу;

5) жаңадан жасалатын шарттарға (келісімдерге, меморандумдарға және т.б.) осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарға Қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе енгізу;

б) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, жолын кесуге ашуға және тергеп тексеруге жәрдемдесу;

7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы хабарлау;

8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының салдарын жою.

4.2. Қоғам сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл бойынша барлық шараларды Қазақстан Республикасының заңнамасына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның әдістемелік ұсынымдарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

5. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау

5.1. Қоғамда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының болуы туралы қандай да болмасын айғақтарды және ақпаратты анықтаған кезде бұл туралы Комплаенс-бақылаушыға телефон нөміріне және(немесе) Қоғамның интернет-ресурсында көрсетілген Қоғамның корпоративтік электрондық поштасына жазбаша хабарлама жіберу қажет. Қоғам қызметкерлері осындай фактілер туралы тікелей басшыға немесе бөлімшеге жетекшілік ететін басшыға, қауіпсіздік жөніндегі маманға және тәуекел-менеджмент бөлімшесіне дереу хабарлауға тиіс.

5.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы туралы барлық хабарламалар тіркелуге тиіс және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібін реттейтін Қоғамның ішкі құжатында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.

5.3. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша тиісті қызметкерлердің және құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен тексеру немесе қызметтік тергеу жүргізіледі.

5.4. Егер жүргізілген тексерудің не қызметтік тергеудің нәтижесі бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, Қоғам түзету шараларын қабылдайды және жүзеге асырады.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Қоғамның лауазымды адамдары және қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындауға міндетті.

6.2. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін Қоғамның лауазымды адамдары және қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

6.3. Уәкілетті мемлекеттік органдардың Қоғамның лауазымды адамдарын және қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты жасағаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартуы соңғыларды олардың Қоғамға заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген материалдық зиянды өтеуден босатпайды.

6.4. Қоғам қызметкерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын сақтауына бақылау Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, Комплаенс-бақылаушыға және лауазымды адамдарына олардың құзыреті шегінде жүктеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе

Осы Шартты орындау шеңберінде Тараптар:

1) өз қызметін кез келген алаяқтық нысандарын сөзсіз қабылдамау қағидаты, сыбайлас жемқорлыққа төзбестік қағидаты бойынша жүзеге асыруға және өзіне олардың іске асырылуына әлеуметтік жауапкершілік қабылдауға;

2) «Сыбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын білуге және сақтауға;

3) басқа Тараптың лауазымды адамдарын, өкілдерін, қызметкерлерін немесе олардың үлестес тұлғаларын коммерциялық параға сатып алмауға;

4) басқа Тараптың кез келген өкіліне, қызметкеріне немесе олардың үлестес тұлғаларына мыналарды: ақша қаражатын, қаржы құралдарын, тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің ақысын төлеуді, сыйлықтарды, қонақтарды қабылдау шығыстарын, өнімге жеңілдік беруді, қайырымдылық жарналарды немесе демеушілік көмекті қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, стандартты емес (бірдей қолжетімді емес) мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі немесе басқа Тараптың делдалдары арқылы бермеуге;

5) басқа Тарапқа сыбайлас жемқорлықтың және алаяқтықтың профилактикасы мен алдын алу мәселелері бойынша жәрдем көрсетуге;

6) басқа Тараптың, оның өкілдерінің, қызметкерлерінің тарапынан барлық күштеп алушылық немесе заңсыз талап қою фактілері туралы мынадай байланыс арналары арқылы хабарлауға:

Қарсы агент (Жеткізуші/Орындаушы): _____ *(қарсы агенттің байланыс деректерін көрсету қажет)*;

Тапсырыс беруші (Қоғам/Оператор/Компания): мынадай телефон бойынша: +7 (727) 277-20-25, _____ *(Компаенс-бақылаушының байланыс деректерін көрсету қажет)* хабарлама, немесе жазбаша Қазақстан Республикасы, А15С9Т5, Алматы қаласы, Көктем-3 ықшам ауданы, 21 мекенжайы бойынша (немесе www.kfu.kz интернет-ресурсында көрсетілген өзге байланыстар бойынша) хабарлауға міндеттенеді.

Ескертпе: осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің мазмұнын қарсы агенттермен талқылауға болады және заңнамаға қайшы келмеген жағдайда, тараптардың келісуі бойынша өзгертуге болады.